

## «Бала және театр» жобасы үйірме жұмысының 2021-2022 оқу жылы бойынша қорытынды есебі.

«Бала және театр» жобасы 2,3-сыныптарға және 7,8-сыныптарға арналып бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жасалды. Үйірме жұмысына 24 оқушы қамтылды.

**Мақсаты:** оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру. Оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру.

**Міндеті:** әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән -мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу. Жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру. Актерлік шеберлігін дамыт

Кестегі сәйкес үйірме аптасына төрт сағат өтілді. Сабақтар уақытылы, кестеге сай жүргізілді. Жоспарланған барлық тақырыптық-күнтізбелік жоспардағы сабақтар өтілді. Оқушылар толық меңгерді. Үйірме жұмысына оқушылар қатысымы да қызығушылығы да жақсы болды. Үйірме жоспарына сай, « Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

**Мақсаты:** Балаларды сөйлеу барысында тез, еркін демалып, дем шығару кезінде ауаны бір қалыпты шығаруға үйрету.



«Балалар және театр» үйірмесі бойынша аудан көлемінде іс-тәжірибе таратылды. Атап айтсам: Тәрбие бағыты бойынша «Замануи тәрбие технологиялары және оларды тәрбие үрдісінде пайдалану» тақырыбындағы аудандық семинар өтілді. Сол семинарда бастауышқа арналған үйірме оқушыларымен **Ыбырай Алтынсаринның «Баланың айналасы»** тақырыбындағы әңгімесінен қуыршақ театрында «**Баланың тапқырлығы**» атты қойылым қойылды. **Мақсаты:** оқушыларды әңгіменің мазмұнын таныстыра отырып, ондағы негізгі ойды, идеяны меңгерту, көркем шығармаға қызығушылығын арттыру, оқушыларға өмірде бір -біріне жақсы көзқараспен сыйласу, түсінісуге, сабырлы болуға тәрбиелеу.





👍❤️ Нравится sholpan.izmatova1978 и еще 52

kosetbai2020 Ойыл аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 17 -қараша күні Көсембай негізгі мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л.Шутинованың ұйымдастыруымен "Зам [...]

21 ноябрь 2021 г.

**Аталған оқу жылындағы үйірме оқушыларының жетістіктері:**



«Кел, балалар оқылық» атты республикалық өнер байқауына қатысқаны үшін Бірза Інжу 3 сынып Қыдырбай Аян 2 сынып оқушылары Дипломмен марапатталды. Келесі оқу жылында оқушыларға көбірек артикуляциялық, резонаторлық жаттығуларды көбірек жасап, таза сөйлеуіне, дикцияны дұрыс қоя білуге, өздерін еркін ұстауға жұмыстанып, көбірек аудандық облыстық байқауларға қатысу керек.

**Үйірме жетекшісі:Қалиева Б.С**